«Бекітемін»
Мектеп директоры: ____________ С.Г.Аяпова
«27» 08 2021 жыл

«Қаралды»
№1педкеңес қаулысы
«27» тамыз 2021 жыл

# Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы
# Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебінің
# 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары

## Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

**Күтілетін нәтижелер:**

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;
- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

**Іске асыру тетіктері:**

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

**Орта білім беру ұйымдарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:**

1. «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы;
3. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл;
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
5. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
6. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169VI Заңы;
7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы;
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.
12. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде орта білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.
13. **ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:**

**Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар *(сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр)* құрайды.**

1.Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2.Рухани-танымдық тәрбие;
3.Ұлттық тәрбие;
4.Отбасылық тәрбие;
5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

**Тәрбие саласына қатысты қазақстандық және халықаралық мерекелер мен атаулы күндер:**

- 10 тамыз - ҚР Үкіметінің қаулысымен Абай күні;
- 30 тамыз - ҚР Конституциясы күні;
- 1 қыркүйек - Білім күні;
- 10 қыркүйек - Отбасы күні;
- 15 –қыркүйек. Денсаулық фестивалі. (1 аптасы.)
- 15.09-19.09. Діни экстремизмнің алдын алу күні
- 22 қыркүйек – Қазақстан халықтары тілдері мерекесі күні;
- 1 қазан - Қарттар күні;
- 4 қазан - Ұстаздар күні;
- 30қазан - Алкогольмен күрес күні;
- 28.10.- Еңбек күні.
- 15.10-15.11. Құқықтық тәрбие айлығы.
- 16.11-20.11. Мәңгілік Ел. ҚР Ассамблеясына 21 жыл
- 15 қараша - Ұлттық валюта күні;
- 02.11.-07.11. Зорлық-зомбылықтың алдын алу.
- 03.11- 03.12. Дүниежүзілік адам имундық тапшылық синдромымен күрес күні. СПИД-АИТВ алдын алу.
- 18.11. Рухани келісім күні.
- 20 қараша – Балаларқұқығытуралы Конвенция күні;
- 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні;
- 10 желтоқсан - Адам құқығы күні;
- 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні;
- 26.12 - 30.12. – Жаңа жыл.
- 10.01-10.02. «Абайландар, балалар!» айлығы
- 10.01.-20.01. Қылмыстың алдын алу күні.
- 18 қаңтар – Тұмаудың алдын алу күні;
- 10.02-10.03. «Өмірге Иә деп айт!» Республикалық ақпараттық науқан
- 15 ақпан – Салауатты өмір салты күні;
- 15 ақпан- Кеңес әскерінен Ауғанстаннан шығарылған күні.
- 23.02.-24.03. Туберкулездің алдын алу айлығы.
- 01.наурыз- Алғыс айту күні.
- 1 наурыз – Азаматтық қорғаныс күні;
- 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;
- 22 Наурыз – Наурыз мерекесі;
- 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні;
- 7 сәуір - Дүниежүзілік денсаулық күні;

- 10 сәуір- Ескерткіштерді қорғау күні.
- 10 сәуір -21 сәуір аралығында «Қауіпсіз Интернет» атты Республикалық ақпараттық науқан
- 12 сәуір - Ғылымжәне Космонавтика күні;
- 10 сәуір мен 10 мамыр аралығы Патриоттық тәрбие айлығы. (Саяси қуғын- сүргін құрбандарын еске алу күні.)
- 1 мамыр- халықтар достығы және ынтымақтастығы күні;
- 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні;
- 9 мамыр - Жеңіс күні;
- 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні;
- 31 мамыр –Саяси қуғын сүргінқұрбандарын еске алу күні.
- 1 маусым - Балаларды қорғау күні;
- 4 маусым – ҚР мемлекеттік рәміздер күні;

**2021-2022 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:**

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдіңмұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялықкөмеккөрсетужәнемектептіңтатуластыруқызметтерінұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Мектеп өмірінің бір күні»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;
- ✓ «Өзін-өзі басқару күні», «Өзін-өзі басқару аптасы» жобалары;
- ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.

Оқу жылының әрбір аптасында өткізілетін 34 сынып сағатының тақырыптары ұсынылады (сілтеме).

## 2020-2021 оқу жылындағы жүргізілген тәрбие жұмысына талдау

2020-2021 оқу жылында мектептегі оқ-тәрбие жұмысының бала тәрбиесі мен оның жан-жақты дамуына отбасы мен жанұяның, мектептің ынтымақтастығын арттырра отырып, ата-аналарға, оқушыларға оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны мен әдістемесін таныстыру. Қазақстан Республикасының үздік білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негәзәндегі тәрбие жұмысын 8 бағытын негіздей отырып тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілді. Бағыт бойынша сынып сағаттары, конференциялар, тренингтер тағы да басқа шаралар өткізілді. Оқушылардың шығармашылығын танистырып отыру мақсатында «Көркемсурет» көрмесі атты мектепшілік қабырға газеті айына бір рет жарық көрді. Жоғары дәрәжеде өткен шаралар: «Адал ұрпақ» клубы ашылып, мүшелері қабылданып, бұрышы ұйымдастырылды. Елбасының «Боолашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын талқылау жұмыстарры жүргізілді. 2020-202 оқу жылында Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар бағытында жұмыстар атқарылды. «Егемен елдің кемеңгер басшысы» атты Президент күніне арналған, Тәуелсіздікк мерекесіне байланысты ашық тәрбие сағаттары тартымды, мазмұнды түрде өтті. Сенбілік жұмыстар ұйымдастырылды. Ұлы жеңіс күні мерекесі бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. «Жеңіс туы, желбіре» тақырыбы аясында класс сағаттары, дөңгелек үстелдер өткізілді. Діндану пәні мұғалімі А.Султанова мектеп оқушыларына, ата-аналарға «Діни экстремизмнің зияны» тақырыбында видеоролик көрсетіп, дөңгелек үстел ұйымдастырды. Мектепшілік ата-аналар комитеті өз жоспарына сай жұмыс жасады.

Дегенмен оқушының қәзіргі заманға бейімдеу, өз ойларын еркін жеткізуге, жаңа қоғамдағы әлеуметтік жаңару кезеңінде дүниетанымдық неіздерін қалыптасуына, жаңа қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікке бағдарланған дүниетанымдық көзқарастарын арттыру тәбиелік жұмысымызды күшейттіруді талап етуде.

Сондықтан 2020-2021 оқу жылынды алдыға қойған мақатымыз: тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясы аяында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіцтік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеу, оқушының танымдық белсендігін арттыру. Балаларда және жастарда құқықтық сананы қалыптастыру, ақпараттар арқылы саяси ойлау қабілеттерін, өз ойларын сараптауды, жағдаяттарды бағалау, алған біліктерді өмір жағдаяттарында қолдана білуге, салауатты өмір салтын ұстануға үйрету. 2020-2021 оқу жылында қойылған мақсат пен міндеттер орындалды.

## ҚЫРКҮЙЕК – Білім айы

- *ҚР Конституциясына – 26 жыл;* *1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары;*
- *Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы;* *5 қыркүйек-Тілдер күні, апталық;*
- *Отбасы күні.*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **БІЛІМ КҮНІ** «Кел балалар, оқылық» 1 сыныптарға «Әліппе» алғашқы оқулығын салтанатты түрде табыстау */Тәуелсіздікке-30жыл/* | Салтанатты жиын<br>Тәрбие сағаты | 1-11 сыныптар | Мектеп әкімшілігі<br>ДТІЖО<br>Үйірме жетекшілері |
| | | **«Құқықтық сана –қауымға пана» жобасы** | **«Ата Заң – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі»** */ҚР Конституциясына – 26 жыл/* | Тәрбие сағаты | 9-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | | **«Абайлаңыз балалар!»** акциясы */арнайы жоспар/* | Апталық | 1-4 сыныптар | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер<br>Мектеп инспекторы |
| | | | *Білім басқармасы, құқық қорғау органы, прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп* **«Мобильді топ»** *құру* | Бұйрық, рейд жүргізу | «Мобильді топ» мүшелері | Мектеп әкімшілігі<br>ДТІЖО |
| | | | **«Мектептегі мінез-құлық ережелері»** *(Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру)* | Тәрбие сағаты | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 2 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | 5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру<br>**«Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі»** | Мерекелік кеш<br>тәрбие сағаты | 8-9 сынып оқушылары, Пән мұғалімдері | ДТІЖО<br>Пән бірлестік жетекшілері |
| 3 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Қамқорлық» жобасы** | **«Мектепке жол», «Адамдарға қуаныш сыйла!»** *қайырымдылық акциясы* | Акция | 1-11 сыныптар | Құқық және тәртіп фракциясы<br>Әлеуметтік педагог<br>Қайырымдылық фракциясы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **4** | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Отбасы-бақыт мекені»**<br>*/арнайы жоспар/* | Ата-аналармен кездесу, тренинг | 1-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Педагог –психолог<br>Әлеуметтік педагог |
| | | | Бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру. **«Құндылықтарға негізделген білім беру»** бағдарламасы аясында мектепте **«Әкелер мектебі», «Аналар мектебі»** құру.<br>*/Арнайы жоспарлар әзірлеу/* | Жоспарға сәйкес | Аналар,әкелер мектебінің мүшелері | ДТІЖО<br>«Аналар»,«Әкелер» мектебінің төрайымы, төрағасы |
| **5** | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында<br>**«Сен туған Қазақстаныңды білесің бе?»** | Оқырмандар сайысы | 5-10 сыныптар | Кітапханашы<br>Тарих-география пән мұғалімдері |
| | | | **«Кел, балалар, оқылық!»**<br>/Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы/ | Челлендж, сынып сағаты | 1-11сыныптар<br>Ата-аналар, мұғалімдер | Мектеп әкімшілігі<br>Пән бірлестіктері<br>Сынып жетекшілері<br>Өзін-өзі басқару ұйымы |
| | | | **«Кітап –ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына»** | Апталық | | |
| **6** | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» **жобасы** | **«Табиғат тамашалары»** | Сурет байқауы | 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілер<br>Аға тәлімгер<br>Экология және еңбек фракциясы |
| | | | **«Эко-квест»**<br>*/Қалдықтарды бөлек жинау акциясы /* | Акция | 5-7 сыныптар | |
| | | | **«Мен қызығатын әлем»** | Фото коллаж | 8-11сыныптар | |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Әдептілік-адамгершілік айнасы»** | Түсіндіру жұмысы | 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілер<br>Аға тәлімгер |
| | | | **«Біз өнерлі жастармыз!»** | Флешмоб | 5-7 сынып | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **8** | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«Дені сау ұлт- ел болашағы»** | Тәрбие сағаты | 1-11сыныптар | Сынып жетекшілер Мектеп медбикесі |
| | | | **«NO SMOKING DAY» шылым шегуге қарсы!** | Акция | 8-11 сыныптар | Спорт және салауатты өмір салты фракциясы Сынып жетекшілер |

**ҚАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы**

- ***1 қазан – Мұғалімдер күні, Қарттар күні;***
- ***Қасым Аманжоловтың 110 жылдығы;***
- ***Хамит Ерғалиевтің 105 жылдығы;***
- ***Сайын Мұратбековтың 85 жылдығы;***

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысу шылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ | **«Құқықтық сана-қауымға пана» жобасы** | **«Қылмыссыз балалық шақ»** */арнайы жоспар/* | Айлық | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Құқық және тәртіп фракциясы Мектеп инспекторы Педагог-психолог Сынып жетекшілер |
| | | | **«Тұрмыстық зорлық – зомбылықсыз Қазақстан»** */арнайы жоспар/* | Пилоттық жоба | | |
| 2 | РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Ұстаз деген жарқын күні ғаламның»** | Мерекелік кеш | 11 сыныптар Мұғалімдер | ДТІЖО 11сын.жетекшілері |
| | | | **«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!»** | Өнеге сабағы | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер Аға тәлімгер Қамқорлық фракциясы |
| | | | 1қазан - Қарттар күніне арналған **«Қарттарын қадірлеген ел ардақты»** | Қайырымды лық акциясы | 1-11 сыныптар | |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Дәстүр мен ғұрып»** | **«Даламды күймен тербедім»** | Домбырашлар челленджі | 2-11 сыныптар | Үйірме жетекшілері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **жобасы** | **«Туған елге тағзым»** */Өлкетану зерттеу экспедициясы/* | Саяхат сабақ | 5-8 сыныптар | Тарих-география пән мұғлаімдері |
| | | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | **«От жүректі ақын»** *(Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай)* | Тәрбие сағаты | 5-8 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| **4** | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | **«Бір отбасы – бір кітап»** | Сурет, бейне түсірілім байқауы | 1-11 сыныптар | Кітапханашы Сынып жетекшілер |
| | | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Әкем айтқан нақыл сөз...»** | «Айтарым бар...» ток-шоу | 9-11 сыныптар | ДТІЖО «Әкелер» клубы |
| **5** | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы** | **«Сақ болсаң, сау боласың!»** | Марафон, видео түсірілімдер | 1-7 сыныптар | Сынып жетекшілер Экология және еңбек фракциясы |
| | | **«Үнем –қоғам қуаты» жобасы** | **«Менің бизнес идеяларым»** | Бизнес-идея байқауы | 8-11 сыныптар | Кәсіптік бизнес негіздері пән мұғалімдері Сынып жетекшілер |
| **6** | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«BOOKDATIG – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» жобасы** | **«Білім құндылығы неде »** | Дебат | Дебат клубының мүшелері 9-11 сыныптар | Дебат клубының жетекшісі Дебат қозғалысының фракциясы |
| | | | **«Көшбасшы - 2021»** | Зияткерлік байқауы | 8-11 сыныптар | ДТІЖО Дебат клубының жетекшісі |
| **7** | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Мектебім - мақтанышым»** | ART-кеңістігі | 1-11 сыныптар | Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы Сынып жетекшілер |
| | | | **« Ақтөбе шырайлы жерлері»** | Тарихи-зерттеу жобасы | 5-9 сыныптар | Тарих-география пән мұғалімі Сынып жетекшілер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **АИТ/ЖИТС алдын алу кеңестер** | Жоспарға сәйкес | 5-11 сыныптар | Медбике |
| | | | **«Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?»** | Медицина қызметкерлері мен кездесу | 7-8 сыныптар | ДТІЖО<br>Спорт және салауатты өмір салты фракциясы |

**ҚАРАША – Поэзия айы**

- ***15 қараша-Ұлттық валюта күні;***
- ***Ақын, Қазақстанның халық жазушысы Мәриям Хәкімжанованың 115 жылдығы;***
- ***Күзгі демалыс.***

| **№** | **Тәрбие жұмысының бағыттары** | **Іске асырылу жобалары** | **Іс-шара атаулары** | **Өткізілу формасы** | **Қатысушы лар** | **Жауапты орындаушылар** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Құқықтық сана-қауымға пана» жобасы** | **«Қоғамдық тәртіп негіздері»** | Дебат | 8-11 сыныптар | Дебат клубының жетекшісі<br>Дебат қозғалысының фракциясы |
| | | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Тәуелсіздіктің нұры-тұңғыш ЕЛБАСЫ»** | Танымдық сабақ | 5-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы | **«Тәуелсіздік ұрпақтары»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Челлендж | 5-10 сыныптар | Кітапханашы<br>Сынып жетекшілері |
| | | **«30 игі іс» жобасы** | **«Біз оқитын 30 кітап»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | «REDx» жұмысы | 5-11 сыныптар | Кітапханашы<br>Сынып жетекшілері |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«30 игі іс» жобасы** | **«Тәуелсіздікке тарту»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Қолөнер көрмесі | 4-10 сыныптар | Эстетика пән бірлестігі |
| | | | **«Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы»** | Үздік ЭССЕ конкурсы | 5-9 сыныптар | Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | «Тоғызқұмалақ-day» | Отбасылық турниры | 1-9 сыныптар | Спорт нұсқаушы Дене тәрбиесі пән мұғалімдері |
| | | | **«Әкеге-ізет, анаға – құрмет»** | Дөңгелек үстел | 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілері |
| 5 | ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ | «Адал friends» жобасы | **«Адал еңбек бейнесі»** | Сурет конкурсы | 2-3 сыныптар | Сынып жетекшілері |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | Мектепте, үзілісте... **«М.Хакімжанованың өлеңдерін оқимыз»** | Бірыңғай оқу сағаты | 2 -7 сыныптар | Кітапханашы Сынып жетекшілер |
| | | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | Ы.Алтынсаринге -180 жыл **«Ұлы даланың ұландары»** | Зияткерлік ойын | 5 -7 сыныптар | Кітапханашы Сынып жетекшілер |
| | | | **«Ж.Жабаевтың өмірінен 10 дерек** | Ақпараттық-Time | 8-11 сыныптар | |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«30 игі іс» жобасы** | **«30 үздік қолөнер бұйымы»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Сыныпаралық байқау | 1-10 сыныптар | Сынып жетекшілер Эстетика бірлестігі |
| | | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Мен ерекше баламын»** | Байқау | 4-сыныптар | Өзін-өзі тану және Музыка пәнінің мұғалімдері |
| | | | **"Жұлдызға жол" балалар байқауы** | Байқау | 5-7 сыныптар | |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | «Шахмат-day» *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Отбасылық турнир | 5-7 сыныптар | Спорт нұсқаушы Дене тәрбиесі пән мұғалімдері Сынып жетекшілері |
| | | | **«Әлемді бағындырған жерлесіміз»** | Кездесу | 8-11 сыныптар | |
| | | | **«Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау»** | Тәрбие сағаты | 1-11 сыныптар | |

**ЖЕЛТОҚСАН – «Тәуелсіздік –орындалған арман. Қазақстан жолы»**

***1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күні;***

- ***1желтоқсан - Халықаралық ЖИТС-ке қарсы күрес күні;***

- *Желтоқсан оқиғасына-35 жыл;*
- *16 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 30 жылдығы.*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«30 игі іс» жобасы** | **«Тәуелсіздіктің 30 қадамы»** | Конференция | 8-11 сыныптар | Тарих-география пән мұғалімдері<br>Құқық және тәртіп фракциясы |
| | | | **«Бейбіт күннің батыры»** *(Желтоқсан оқиғасына-35 жыл)* | Кездесу | 5-11 сыныптар | Мектеп әкімшілігі<br>ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>Мәдениет және өнер<br>Кәсіподақ комитеті |
| | | | **«Тәуелсіздік –орындалған арман. Қазақстан жолы»** */ «30 үздік сынып жетекші», «30 үздік көшбасшы», «30 үздік спортшыны» марапаттау/* | Мерекелік кеш | Мектеп ұжымы<br>9-11 сыныптар | |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат»** жобасы | **«Елбасының көшбасшылық сабақтары»** | Тәрбие сағаттары | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | | **«Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі»** | Дебат | Дебат клубының мүшелері | Дебат клубының жетекшісі<br>Дебат қозғалысының фракциясы |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | «Шаңырақ» **жобасы** | **«Ең үздік – отбасы»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Байқау | 1-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Кәсіподақ комитеті |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Үнем - қоғам қуаты» жобасы** | **«Іскерлік қарым-қатынас этикасы»** | Тәрбие сағаттары | 8-10 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | | **«Жарнама жасау өнері»** | | 5-7 сыныптар | |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ** | **«Өнегелі бір сағат»** жобасы | **«Қазақстанның дамуы жастар қолында»** | Ток-шоу | 7-10 сыныптар | «Жас жалын» жастар ұйымы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«30 игі іс» жобасы** | **«Ең үздік– 30 Ұлан»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Байқау | 5-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер |
| | | | **«Жылдың үздік сыныбы»** | Байқау | 1-11 сыныптар | Мектеп әкімшілігі<br>ДТІЖО |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **Жаңа-жылдық шырша** | Мерекелік іс-шара | 1-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» ЖИТС қарсы күн** */арнайы жоспар/* | Апталық | 5-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Мектеп медбикесі,<br>«Наркобекет» ұйымы |
| | | | **«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!»** *(Үздік спортшыны анықтау)* | Спорттық сайыстар | 1-11 сыныптар | Спорт нұсқаушы<br>Спорт және салауатты өмір салты фракциясы<br>Үйірме жетекшілері |

## ҚАҢТАР

- **КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ Д.А.ҚОНАЕВ - 110ЖАСТА;**
- ***ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС.***

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысу шылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | «Адал friends» жобасы | **«Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер»** | Дебат | Дебат клубының мүшелері | Дебат клубының жетекшісі<br>Дебат қозғалысының фракциясы<br>Аға тәлімгер<br>«Адал ұрпақ» клубы |
| | | | **«Жемқорлықтың тарихи тамыры»** | Тәрбие сағаты | 5-7 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | | **«Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді»** | Тәрбие сағаты | 1-4 сынытар | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Қамқорлық» жобасы** | **«Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары»** *«Қамқорлық» акциясы* | Акция | 8-9 сыныптар | «Жас жалын» жастар ұйымы Қамқорлық фракциясы |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Тату үйдің тамағы тәтті»** | Видеоролик жарысы | Пән мұғалімдері | Пәндер бірлестігі |
| | | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Ғасырдың дара перзенті»** */Д.А.Қонаев-110 жаста/* | Тәрбие сағаты | 8-11сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Шаңырақ» жобасы** | **«Отбасылық таланттар»** | Отбасылық шығармашылық фестивалі | 1-8 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілер |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Ер дәулеті еңбек»** | Шеберлік сағат | 9 сыныптар | Көркем еңбек пән мұғалімдері |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Bookdating – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» жобасы** | **«Бірге кітап оқиық!»** | Эстафета | 5-11сыныптар | ДТІЖО Кітапханшы |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Оқушы мен ұстаз мәдениеті»** | Дөңгелек үстел | 10 сыныптар | Өзін-өзі басқару ұйымы |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | «Қызықты қыс» | Спорттық ойындар | 1-4-сыныптар | ДТІЖО Аға тәлімгер Дене тәрбиесі пән мұғалімдері |

## АҚПАН АЙЫ

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Адал ұрпақ – саналы ұрпақ» жобасы** | **«Балалар қылмысы:ұрлық пен бопсалау»** | Тәрбие сағаты | 1-4 сыныптар | Сынып жетекшілер<br>Учаскелік полиция |
| | | | **«Құқықтық сауаттылық - заман талабы»** | Әңгіме - сұхбат | 8-9 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛК ТӘРБИЕ** | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Жұлдызды сәт»** *салт-дәстүрдің ең үздік білгірі* | Сайыс | 8 -сыныптар | ДТІЖО<br>Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігі |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | «Адал friends» **жобасы** | **«Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп»** | Ақпараттық сағат | 8-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | «Отбасы-мектеп» **жобасы** | **«Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем»** | Әңгіме, кеңес | 6-8 сыныптар | ДТІЖО<br>Педагог –психолог<br>Әлеуметтік педагог |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Үнем-қоғам қуаты» жобасы** | **«Ізденіс,еңбек,талпыныс-жетістік кілті** | Кездесу | 9-11сыныптар | Жаратылыстану пән бірлестігі |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Bookdating – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» жобасы** | **«Өзіңді тану-өмірді тану»** | Пікірталас | 9-сыныптар | Кітапханшы<br>Өзін-өзі тану мұғалімі |
| | | | **«IT – келешегі кемел сала»** | Дөңгелек үстел | 10-сыныптар | Информатика пән мұғалімдері |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Адам бойында бәрі де әдемі,сұлу болуға тиіс»** | Қыздар кеңесі | 8-11сынып қыздары | ДТІЖО<br>Педагог –психолог<br>Әлеуметтік педагог<br>«Инабате» қыздар ұйымы |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **8** | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«Отбасылық эстафеталық ойындар»** | Жарыс | 5-6 сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>Дене тәрбиесі пән мұғалімдері |
| | | | **«Денсаулық – ең басты қажеттілік»** | Ойталқы | 7-8 сыныптар | ДТІЖО<br>Медбике<br>Спорт және салауатты өмір салты фракциясы |

**НАУРЫЗ -«Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті»**

- ***1 наурыз – Алғыс айту күні***
- ***8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні***
- ***22 наурыз - Наурыз мейрамы***
- ***27 наурыз - Дүниежүзілік театр күні***

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Адал friends» жобасы** | **«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек»** | Эссе конкурсы | 8-9 сыныптар | ДТІЖО<br>Қазақ тілі пән бірлестігі |
| | | **«Құқықтық сана-қауымға пана» жобасы** | **«Үміт сәулесі» акция** | Жас қырандықтар акциясы | 1-4 сыныптар | Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілері |
| **2** | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛК ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | 1 наурыз – Алғыс айту күні<br>**«Алғыс – бұл ...»** | Тәрбие сағаты | 1-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілері |
| | | | **«Наурыз-бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі»** мерекелік іс-шара | Мерекелік концерт | Наурыз | Мектеп әкімшілігі<br>ДТІЖО,<br>Аға тәлімгер |
| | | | **«Наурызым – құт берекем!»** | Ашық тәрбие сағаттары | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | «Отбасы -мектеп» **жобасы** | **«Анама арнаймын»** | Акция | 1-4 сыныптар | **ДТІЖО**<br>Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілері |
| | | | **«Атадан-өсиет, анадан-қасиет»**<br>*(тыйым сөздердің мағынасы)* | Зияткерлік ойындар | 8-9 сыныптар | Сынып жетекшілері |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Еңбек-елдің мұраты» жобасы** | **«Мамандықтар әлемін ашамыз»** | Форум | 1-4 сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілері |
| | | **«ЭКОstart» жобасы** | **«Еліміздің киелі мекендеріне саяхат»** | Жас блогерлерге арналған конкурс «Сурет» номинациясы | 7-9 сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілері |
| | | | **«Халқымыздың батыр қыздары туралы деректер»** | Онлайн – викторинасы | 5-8 сыныптар | ДТІЖО<br>Тарих пәнінің мұғалімдері |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Сырласайық сырғалым»**<br>*/Жеңге мен қайынсіңілінің қатысуымен/* | Сайыс | 9 сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілері |
| | | | 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай<br>**«Әлем бесігін тербебетін жан-АНА»** | Мерекелік іс-шара | 9-11сыныптар<br>Мектеп ұжымы | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>Кәсіподақ комитеті |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай **«Ауырмаймын десең...»** | Бюллетень сайысы | 1-4 сыныптар | Мектеп медбикесі<br>Спорт нұсқаушы |
| | | | **«Білгіштер»** | Қазақ ойындары брейн-рингі | 9-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Дене тәрбиесі пән мұғалімдері |
| | | | **«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»** | Қазақтың ұлттық ойындары | 5-7 сыныптар | ДТІЖО<br>Дене тәрбиесі пән мұғалімдері |

## СӘУІР АЙЫ

- *12 сәуір-Ғылым күні*
- *Адамның ғарышқа ұшқанына– 62 жыл*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысу шылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында»** *(Ауған соғысы жауынгерлері туралы)* | **Кездесу** | 5-9 сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>Әскери дайындық жетекшісі |
| | | | **«Өрле Қазақстан»** | Патриоттық әндер байқауы | 1-4 сыныптар | ДТІЖО<br>Ән үйірме жетек. |
| | | | 12 сәуір- Ғарышкерлер күніне орай **«Ғарышқа түрен салған қыран қазақ!»** атты іс-шаралар | дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары | 5-10 сыныптар | ДТІЖО<br>Физика-информтика пән мұғалімдері |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛК ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат»** жобасы | **«Достық - көмекпен мықты»** | Идеялар аукционы | 5-9 сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер |
| | | **«Адал friends»** жобасы | **«Біз бәріміз бірдейміз!»** | Толлеранттылық сабағы | 9-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Сынып жетекш. |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра»** | Сән апталығы | 1-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Эстетика бірлестігі |
| | | | **«Ұмыт болған ұлттық тағамдар»** | Бейне түсірілім | 1-11 сыныптар | ДТІЖО<br>Эстетика бірлест. |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Шаңырақ»** жобасы | **«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!»** | Бейне көрсетілім | 1-4 сыныптар | ДТІЖО<br>Сынып жетекш. |
| | | | **«Екі жұлдыз»** *отбасылық ән байқауы* | Байқау | 5-10 сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>Үйірме жетекшілері |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«ЭКОstart»** жобасы | **«Табиғат тамашалары»** | Суреттер байқауы | 5-6 сыныптар | Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілері |
| | | **«Үнем - қоғам қуаты»** жобасы | **«Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?»** | Дебат | Клуб мүшелері | Дебат клубының жетекшісі<br>Дебат қозғалысының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | фракциясы |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Bookdating – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса»** жобасы | **«Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы** | «TEDx» жобасы | 9-11 сыныптар | ДТІЖО Кітапханашы |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Дәстүр мен ғұрып»** жобасы | **«Шеберлер қаласы: ата-бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз»** | Шығармашылық топ | 8-9 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілері Көркем еңбек пән мұғалімдері |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау»** жобасы | 7 сәуір –Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай **«Дені сау ұрпақ-ел болашағы»** | Мамандармен кездесуі | 1-7 сыныптар | ДТІЖО Мектеп медбикесі |
| | | | **«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі»** | Қойылымдар байқауы | 8-9 сыныптар | ДТІЖО Жаратылстану пән бірлестігі |

**МАМЫР– «Ұлттық бірлік, бейбітшілік және тұрақтылық»**

***1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні***

- ***7 мамыр-Отан қорғаушылар күні***
- ***9 мамыр-Жеңіс күні***
- ***31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні***

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ,** | **«Құқықтық мәдениет» жобасы** | **«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн»** | Онкүндік | 8-11 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілері |
| | | | **«Жас сарбаздар шеруі»** | Саптық шеру | 6-10 сыныптар | ДТІЖО Әскери дайындық |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | | Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған **«Патриот»** апталығы /арнайы жоспар/ | Апталық | 1-11сыныптар | жетекшісі Сынып жетекшілер |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Адал friends»** жобасы | **«Тағдырыңның кілті -өз қолыңда!»** | Пікірталас | 9-11 сыныптар | ДТІЖО Педагог- психолог |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Адал ұрпақ – саналы ұрпақ»** жобасы | **«Тарихтан тағылым- өткенге тағзым»** */31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні /* | Тәрбие сағаты | 1-4 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілері |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы | **«Оқырмандар отбасы»** | Байқау | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Кітапханашы |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Үнем - қоғам қуаты»** жобасы | **«Бір реттік ыдыстардың пайдасы мен зияны туралы»** | Пікірталас | 7-9 сыныптар | ДТІЖО Жаратылстану пән бірлестігі |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат»** жобасы | **«Ұстазға алғыс»** **«Үздік жыл оқушысы-2022»байқауы** | Бейне блогтар челленджі | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Өзін-өзі басқару ұйымы |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан»** */1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күні/* | Мерекелік концерт | 1-10 сыныптар | ДТІЖО Үйірме жетекшілері, пән бірлестіктері |
| | | | **«Сыңғырла, соңғы қоңырау-2022»** **«Қош бол,алтын ұя, мектебім»** *(мектеп түлектерінің аттестат алу кеші)* | Салтанатты жиын | 9-11 сыныптар | Мектеп әкімшілігі сынып жетекшілер |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары»** | Танымдық сабақ | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Сынып жетекшілер |

## МАУСЫМ АЙЫ

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Адал ұрпақ – саналы ұрпақ»** жобасы | ***«Қасиет тұнған қастерлі құндылықтар»*** *\/4маусым – мемлекеттік рәміздер күні\/* | Салтанатты жиын челлендж | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Әскери дайындық жетекшісі Сынып жетекшілері |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛК ТӘРБИЕ** | «Адал friends» жобасы | **«Өлкенің гүл жайнаған балғындары»** *\/1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күні\/* | Мерекелік кеш Сурет салу байқауы | 1-7 сыныптар | ДТІЖО Аға тәлімгер Сынып жетекшілер |
| | | **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы | **«Жазғы демалысқа – жақсы кітап»** | Кітап көрмесі | 1-10 сыныптар | Кітапханашы сынып жетекшілер |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Ұлы ұлттың баласы, ұлықта Домбыраңды!»** (Ұлттық домбыра күні) | Концерт-кеш | 9-11 сыныптар, Мектеп ұжымы | ДТІЖО Үйірме жетекшілері |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | «Шаңырақ» жобасы | **«Әкелер күні»** халықаралық мерекесі шеңберінде **«Менің әкем – жақсы адам»** *\/арнайы жоспар\/* | Апталық | Мектеп ұжымы «Әкелер» мектебі | ДТІЖО «Әкелер» мектебінің төрағасы |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | «**ЭКОstart**» жобасы | **«Экология-бүкіл әлем тағдыры»** *(5 маусым- Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні).* «Экология, өлкетану жане туризм орталығымен бірлескен жұмыстар ұйымдастыру | Экологиялық ақпарат | 5- 9 сыныптар | ДТІЖО Химия-биология пән мұғалімдері Әкоәлем клубының жетекшісі |
| | | | Жазғы сауықтыру лагерлерін ұйымдастыру | | 3-9сыныптар | ДТІЖО Әлеуметтік педагог |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат»** жобасы | **«Мен оқимын, ойнаймын, ойлаймын!»** | Зияткерлік сайыс | 9 сыныптар | ДТІЖО<br>Ұйымдастырушы<br>Өзін-өзі басқару ұйымы |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | Театрларға, мұражайларға, көркемсурет көрмелеріне, галереяларға, тарихи орындарға экскурсия | Экскурсия | 4-9 сыныптар | ДТІЖО<br>Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілер<br>Театр жетекшісі |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | Жазғы демалыс-2022<br>«Суға түссең абайла, сақтық керек қалайда» | Ақпарат беру | 1-11<br>Сыныптар<br>Ата-аналар | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер |

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Т.Айтмагамбетова

Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы
Әйтеке би ауданы Ақтасты ауылы
«Әйтеке би аудандық білім бөлімі» ММ
«Ақтасты жалпы орта білім беретін
мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекеме
№ ___________
«19» 09 2018 ж.

**Ақтасты ауылы Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі**
**Тәрбие жұмысы бойынша жыл бойы атқарылған жұмыстарға**
**а н ы қ т а м а**

Ақтасты селосы Абай атындағы орта мектебінің 2017-2018 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алу арқылы құрылды.

Тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыазаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру болып табылады.

2017-2018 оқу жылында мектептегі оқу – тәрбие жұмысының бала тәрбиесі мен оның жан – жақты дамуына отбасы мен жанұяның, мектептің ынтымақтастығын арттыра отырып, ата – аналарға, оқушыларға оқу – тәрбие үдерісінің мазмұны мен әдістемесін таныстыру. Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы негізіндегі тәрбие жұмысын жүргізудің 9 бағытын негіздей отырып тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілді. Бағыт бойынша сынып сағаттары, конференциялар, тренингтер тағыда басқа шаралар өткізілді. Оқушылардың шығармашылығын таныстырып отыру мақсатында "Көркемсурет көрмесі" атты мектепішілік қабырға газеті айына бір рет жарық көрді. Жоғары дәрежеде өткен шаралар: «Адал ұрпақ» клубы ашылып мүшелері қабылданды, «Адал ұрпақ» бұрышы ұйымдастырылды. /2018жылғы 10 қаңтар/ Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын орындау мақсатында насихаттау жұмыстары, «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын талқылау жұмыстары жүргізілді. 2017-2018 оқу жылында Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар бағытында біршама жұмыстар атқарылды. "Тәуелсіздіктің 26 жылдығы" тақырыбында ашық тәрбие сағаттар тартымды, мазмұнды басталды. 2016-2017 оқу жылы президент күні, сенбілік жұмыстарын ұйымдастыру, «Ұлы Жеңіске-73 жыл» атаулы мерекесі бойынша –өткізілетін іс-шаралар, жұмыстар жүргізілді «Жеңіс күні-ұлы мереке» тақырыбы аясында класс сағаттарын, дөңгелек үстелдер т.б. Мектепішілік ата-аналар комитеті өз жоспарына сай жұмыс жасады.

Дегенмен оқушының қазіргі заманға бейімдеу, өз ойларын еркін жеткізуге, жаңа қоғамдағы әлеуметтік жаңару кезеңінде дүниетанымдық негіздерін қалыптасуына, жаңа қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілікке бағдарланған дүниетанымдық көзқарастарын арттыру тәрбиелік жұмысымызды күшейттіруді талап етуде.

Сондықтан 2018-2019 оқу жылында алдыға қойған мақсатымыз: тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеясы аясында жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдықтарын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқықтары мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелеу, оқушының танымдық белсенділігін арттыру. Балаларда және жастарда құқықтық сананы қалыптастыру, ақпараттар арқылы саяси ойлау қабілеттерін, өз ойларын сараптауды, жағдаяттарды бағалау, алған біліктерді өмір жағдаяттарында қолдана білуге, салауатты өмір салтын ұстануға үйрету.

Бағдарлама бір жылға 9 (тоғыз) бағытта тәрбие жүйесіне жоспарланған. **Мектептегі тәрбие жұмысының басым бағыттары:**

**1**. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
**2.** Ұлттық тәрбие
**3**. Отбасы тәрбиесі
**4.** Рухани-адамгершілік тәрбие
(Діни тәрбие, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет)
**5.** Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие